

**Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы мәслихатының 2014 жылғы 31 наурыздағы № 23-7 "Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданының Возвышен ауылдық округінде бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиындарына қатысатын ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы мәслихатының 2021 жылғы 30 желтоқсандағы № 14-19 шешімі. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы мәслихатының 2023 жылғы 4 қыркүйектегі № 7-6 шешімімен.

**Ескерту. Күші жойылды Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы мәслихатының 04.09.2023 № 7-6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданының мәслихаты ШЕШТІ:

1. Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы мәслихатының "Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданының Возвышен ауылдық округінде бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиындарына қатысатын ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы" 2014 жылғы 31 наурыздағы № 23-7 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2748 болып тіркелді) шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

аталған шешімнің тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданының Возвышен ауылдық округінде жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиындарына қатысу үшін көшелер мен ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы";

аталған шешіммен бекітілген Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның Возвышен ауылдық округінде жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидалары осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

"Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданының Возвышен ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін

көшелер мен ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын".

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы  
ауданы мәслихатының хатшысы*

*Е. Әділбеков*

Солтүстік Қазақстан облысы  
Ғабит Мүсірепов атындағы  
аудан мәслихатының  
2021 жылғы 30 желтоқсандағы  
№ 14-19 шешіміне  
1-қосымша  
Солтүстік Қазақстан облысы  
Ғабит Мүсірепов атындағы  
ауданы мәслихатының  
2014 жылғы 31 наурыздағы  
№ 23-7 шешімімен  
бекітілді

**Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның Возвышен  
ауылдық округінде жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің  
қағидалары**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидалары "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 39-3-бабының 6 тармағына, "Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 қаулысына сәйкес әзірленді және Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның Возвышен ауылдық округі аумағындағы ауылдар мен көшелерінің жергілікті қоғамдастығының бөлек жиындарын өткізудің үлгі тәртібін белгілейді.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) жергілікті қоғамдастық – Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның Возвышен ауылдық округі аумағында тұратын тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жиынтығы;

2) жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыны – ауыл, көше тұрғындарының (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін өкілдерді сайлауға тікелей қатысуы.

**2-тарау. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізу тәртібі**

3. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын өткізу үшін ауылдық округтің аумағы учаскелерге (ауылдар, көшелер) бөлінеді.

4. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарында жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін саны үш адамнан аспайтын өкілдер сайланады.

5. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыны Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның Возвышен ауылдық округінің әкімімен шақырылады және ұйымдастырылады.

6. Жергілікті қоғамдастықтың халқына жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарының шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның Возвышен ауылдық округінің әкімі бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе ақпаратты "Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданының Возвышен ауылдық округі әкімінің аппараты" КММ ресми интернет-ресурсында орналастыру арқылы олар өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей хабарлайды.

7. Ауылдарының, көшелердің аумағында жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынды өткізуді Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның Возвышен ауылдық округінің әкімі ұйымдастырады.

8. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынының ашылуы алдында тиісті ауылдың, көшенің қатысып отырған, оған қатысуға құқығы бар тұрғындарын тіркеу жүргізіледі.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыны осы ауылда, көшеде тұратын және оған қатысуға құқығы бар тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) кемінде он пайызы қатысқан кезде өтті деп есептеледі.

9. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның Возвышен ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға ашады.

Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның Возвышен ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға бөлек жергілікті қоғамдастық жиынының төрағасы болып табылады.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынының хаттамасын ресімдеу үшін ашық дауыс берумен хатшы сайланады.

10. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдардың, көшелердің тұрғындарының өкілдерінің кандидатураларын Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы аудан мәслихатымен бекітілген сандық құрамға сәйкес бөлек жергілікті қоғамдастық жиынның қатысушыларымен ұсынылады.

11. Дауыс беру ашық тәсілмен әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынына қатысушылардың ең көп даусын жинаған кандидаттар сайланған болып есептеледі.

12. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынында хаттама жүргізіледі, оған төраға мен хатшы екі жұмыс күні ішінде қол қояды және қол қойылғаннан бастап бір жұмыс күні ішінде Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның Возвышен ауылдық округ әкімінің аппаратына беріледі.

Солтүстік Қазақстан облысы  
Ғабит Мүсірепов атындағы  
аудан мәслихатының  
2021 жылғы 30 желтоқсандағы  
№ 14-19 шешіміне  
2-қосымша  
Солтүстік Қазақстан облысы  
Ғабит Мүсірепов атындағы  
ауданы мәслихатының  
2014 жылғы 31 наурыздағы  
№ 23-7 шешіміне  
қосымша

**Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданының Возвышен ауылдық округінде жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарына қатысатын көшелер мен ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы**

| № | Ауылдар мен көшелер атауы                              | Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданының Возвышен ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарына қатысатын көшелер мен ауыл тұрғындары өкілдерінің саны (адам) |
|---|--------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1 | Возвышен ауылы, 20 лет Целины көшесінің тұрғындарына   | 1                                                                                                                                                                                              |
| 2 | Возвышен ауылы, Приречная көшесінің тұрғындарына       | 2                                                                                                                                                                                              |
| 3 | Возвышен ауылы, Мир көшесінің тұрғындарына             | 2                                                                                                                                                                                              |
| 4 | Возвышен ауылы, Шоқан Уәлиханов көшесінің тұрғындарына | 1                                                                                                                                                                                              |
| 5 | Возвышен ауылы, Мир көшесінің тұрғындарына             | 1                                                                                                                                                                                              |
| 6 | Возвышен ауылы, Гагарина көшесінің тұрғындарына        | 1                                                                                                                                                                                              |
| 7 | Чернозубовка ауылы, Кошевого көшесінің тұрғындарына    | 2                                                                                                                                                                                              |
| 8 | Чернозубовка ауылы, Ишимская көшесінің тұрғындарына    | 2                                                                                                                                                                                              |
| 9 | Чернозубовка ауылы, Новая көшесінің тұрғындарына       | 1                                                                                                                                                                                              |

|    |                                                             |   |
|----|-------------------------------------------------------------|---|
| 10 | Чернозубовка ауылы, Матросова көшесінің тұрғындарына        | 1 |
| 11 | Чернозубовка ауылы, Мир көшесінің тұрғындарына              | 1 |
| 12 | Чернозубовка ауылы, Чкалова көшесінің тұрғындарына          | 1 |
| 13 | Чернозубовка ауылы, Сакко и Ванцетти көшесінің тұрғындарына | 1 |
| 14 | Стерлитамак ауылының тұрғындарына                           | 3 |
| 15 | Григорьевка ауылының тұрғындарына                           | 3 |
| 16 | Брилевка ауылының тұрғындарына                              | 3 |
| 17 | Куйган ауылының тұрғындарына                                | 1 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК